

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Экономика және бизнес жоғары мектебі
«Қаржы және есеп» кафедрасы

**«ID 4017 Қаржы» пәні бойынша қорытынды емтихан жүргізу
бағдарламасы және әдістемелік ұсыныстары**
«6B04102» Менеджмент, «6B04107» Маркетинг, «6B04103» Экономика,
«6B04109» Цифрлық экономика
мамандықтары бойынша білім беру бағдарламасы

Құрастырушы:

Жорабаева Ж.К.
«Қаржы және есеп» кафедрасының
Э.Ғ.К., аға оқытушысы

«Қаржы» пәні бойынша қорытынды емтихан бағдарламасы кафедра мәжілісінде
қаралып, ұсынылды

«14 » қазан 2024 ж., № 4 Хаттама

Кіріспе

Қорытынды емтихан 15 аптада алған білімнің нәтижесі ретінде тест түрінде жүргізіледі.

Емтихан – тестілеу Univer жүйесінде өткізіледі.

Емтихан форматы - онлайн.

Бағалау саясаты - 100 бал

Емтихан өткізу кестесі- Универ жүйесіндегі кестеге сай

Тест сұрақтарының саны-40 сұрақ

Ұзақтығы Univer жүйесінде – 90 минут 40 сұраққа

Тестілеудің өтуін бақылау – онлайн прокторинг.

Прокторинг технологиясы (ағылш. "proctor" – емтихан барысын бақылау). Прокторлар аудиториядағы әдеттегі емтихандағы сияқты, емтихан тапсырушылардың сынақтардан адал өтуін бақылайды: тапсырмаларды өз бетінше орындауы және қосымша материалдарды пайдаланбауын бақылайды. Веб-камера бойынша нақты уақытта өтіп жатқан онлайн емтиханды маман да (көзбе-көз прокторинг), немесе сыналушының жұмыс үстелін, кадрдағы тұлғалар санын, бөгде дыбыстар немесе дауыстар және тіпті көзқарас қозғалысын бақылайтын бағдарлама (киберпрокторинг) қадағалай алады. Аралас прокторинг түрі жиі қолданылады: бағдарламаның ескертулері бар емтиханның бейнежазбасын адам қосымша қарап шығады және бұзушылықтардың шын мәнінде орын алғаны жөнінде шешім қабылдайды.

ЕСКЕРТУ: Тестілеу нәтижелері прокторинг нәтижелері бойынша қайта қаралуы мүмкін. Егер студент тестілеуден өту ережелерін бұзса, оның нәтижесі жойылады.

ЕМТИХАН ӨТКІЗУДІҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Сіздің компьютер (бейне камерасы бар компьютер) немесе ноутбугыңыз толық дайын болуы керек. Үстелде артық зат болмауы керек. Бөтен заттар (шпаргалкалар, кітапшалар, блокнот және т.б.) табылған жағдайда академиялық адалдықты бұзғаны үшін емтихан тоқтатылады.
2. Компьютерді (ноутбукты) алдын ала желіге қосыңыз, яғни құрылғыңыздың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етіңіз.
3. Емтихан кезінде бөлмеде бөгде адамдар болмауы тиіс. Өтініш, алдын-ала отбасы мүшелерін ескертуіңізді сұраймыз, өйткені бөгде адамдардың болуына емтихан кезінде рұқсат жоқ. Академиялық адалдық сақтау қажет.
4. Емтихан кезінде компьютерде басқа браузерді ашуға, ноутбуктегі, смартфондағы файлды ашуға; телефон арқылы қоңырау шалуға; құлаққаптарды немесе басқа да бөгде заттарды пайдалануға тыйым салынады. Бұл ережелерді бұзған жағдайда академиялық адалдықты бұзғаны үшін емтихан тоқтатылады.
5. Техникалық немесе басқа да проблемалар туындаған жағдайда, тыныштық сақтаңыз және бұл туралы дереу нұсқаушыға немесе оқытушыға WhatsApp чат арқылы хабарлаңыз.

Емтиханды тапсыру кезінде студенттер меңгеруі тиіс:

- Қоғамдық ұдайы өндірістегі қаржының мәнін, функциялары мен рөлін, қаржы жүйесін ұйымдастыру ерекшеліктерін меңгеру. Қаржының қызмет етуінің негізгі заңдылықтары мен үрдістерін түсіндіру, сондай-ақ қаржының принциптері, мазмұны мен нысандарын ашу.
- ҚР салық жүйесі экономикалық мәні мен маңызын анықтау
- Мемлекеттік қаржыландырудың әдістері мен құралдарын бағалау, мемлекеттік бюджеттің кірісі мен шығысына талдау жасау.
- Қаржы нарығының экономикалық мәні мен функциясын, құрылымын ашып қарастыру. Бағалы қағаздар нарығы, сақтандыру нарығы, зейнетақы нарығын және депозит нарығын оқып меңгеру.
- Қазақстанда исламдық қаржының дамуын қарастыру.

ЕМТИХАН ТАПСЫРУҒА АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ ТӨМЕНДЕГІ ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ҚҰРАСТЫРЫЛАДЫ:

1. Қоғамдық ұдайы өндірістегі қаржының мәні, функциялары және рөлі
2. Қаржы жүйесін ұйымдастыру

3. Қаржы саясаты және қаржы механизмі
4. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы
5. Мемлекеттік қаржылар
6. ҚР салық жүйесі
7. Мемлекеттік бюджет және бюджеттен тыс қорлар
8. Қаржы нарығының теориялық негіздері және оның құрылымы
9. Бағалы қағаздар нарығы, оның функциясы мен құрылымы
10. Зейнетақы нарығы
11. Сақтандыру нарығы
12. Депозит нарығының экономикалық мәні
13. Қазақстанда исламдық қаржының дамуы
14. Инвестициялық қорлар
15. Қаржы және инфляция

«Қаржы» пәні бойынша бағдарламалық сұрақтар

1. Қаржы функциялары, қаржы бойынша екі концепцияның мазмұны
2. Негізгі өндірістік қорлар мен оның айналымы
3. Қаржы жүйесі, оның буындары мен олардың өзара байланысы
4. Қаржы саясатының мазмұны, оның мақсаттары, міндеттері, қағидалары
5. Қаржылық механизмнің мазмұны мен құрылымы
6. Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысының табиғаты, функциялары
7. Мемлекеттік бюджет мемлекеттің негізгі қаржылық жоспары ретінде
8. Бюджет тапшылығы және оны жабудың жолдары
9. Мемлекет кірістерінің мәні мен сыныптамасы
10. Мемлекет шығыстарын қаржыландырудың нысандары мен әдістері
11. Жанама салықтар мен оның мазмұны
12. Мемлекеттік несиенің функциялары мен түрлері
13. Тікелей салық пен оның сипаттамасы
14. Бюджеттен тыс қорлар – олардың қаржы жүйесіндегі орны
15. ҚР-ның жергілікті бюджеттің шығыстар бөлігінің құрамының, құрылымының ерекшеліктері
16. ҚР-ның Ұлттық қорының маңызы
17. ҚР-ның сақтандыру нарығы мен оның даму бағыттары
18. Бюджет жүйесі, оның құрамы мен буындарының сипаттамасы
19. Корпоративті табыс салығы және оның бюджет табысын қалыптастыруда алатын рөлі
20. Қаржы нарығының маңыздылығының мәні
21. Қаржы нарығының функциялары мен құрылымына сипаттама
22. Ақша нарығының ұғымы мен функциясының мәні
23. Ақша нарығының құрылымы мен қаржылық құралдары
24. Депозит нарығының экономикалық мәніне сипаттама
25. Қазақстандағы депозиттерді сақтандыру жүйесінің мәні
26. Несие нарығының ұғымы мен қызметіне сипаттама
27. Бағалы қағаздар нарығының мәні, функциялары мен қатысушылары
28. Бағалы қағаздар нарығындағы өзіндік ерекшелігі бар функциясы
29. Қазақстандағы бағалы қағаздар нарығының құрылымына сипаттама
30. Сақтандыру нарығының құралдары мен түрлеріне сипаттама
31. Қазақстанда сақтандыру нарығының құрылымы
32. Қазақстан зейнетақы нарығының қалыптасуы мен дамуына сипаттама
33. Қазақстан зейнетақы нарығының қатысушыларына сипаттама
34. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ұйымдық құрылымы
35. Инвестициялық қорлардың қызметін жүзеге асырудың негіздерін анықтау
36. Инвестициялық қорлардың негізгі түрлеріне сипаттама
37. ҚР-да инвестициялық қорлардың жүзеге асыратын қызметтеріне сипаттама
38. Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының сақтандыру ұйымдарының

қызметінің маңыздылығы

39. ҚР-да сақтандыру ұйымдарының ұйымдастырушылық құрылымы

40. Қазақстан қор биржасының құрылымы және сауданы ұйымдастыру негіздері

Негізгі әдебиеттер:

1. Құлпыбаев С., Ынтықбаева С.Ж., Мельников В.Д Қаржы. Оқулық — Алматы, Экономика, 2015 ж.
2. Мельников В.Д., Теория финансов. Учебник. - Алматы: ТОО «Изд-во ЛЕМ», 2015
3. Финансы : учебник / Ю. С. Долганова, Н.Ю. Исакова, Н.А. Истомина [и др.] ; под общ. ред. канд. экон. наук, доц. Н.Ю. Исаковой ; -Екатеринбург : Изд-во Урал. ун-та, 2022. — 336 с.
4. Барулин С.В. Финансы : Учебник. Москва :КноРус, 2017. — 640 с.
Финансы : учебник и практикум для академического бакалавриата. 2-е изд., перераб. и доп.
// Под общей редакцией: Н. И. Берзон М.: Юрайт, 2017.

Ғаламтор ресурстары:

1. <http://elibrary.kaznu.kz/ru>
2. <https://finreg.kz/>
3. <http://stat.gov.kz>
4. <https://www.zakon.kz>5. www.nationalbank.kz
5. www.salyk.kz
6. www.e.gov.kz